

А. Х. МҰХТАРОВ

Қ. АМАНЖОЛОВ РОМАНТИЗМНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Шығармашылықты өзінің ұлы мақсатына айналдырған қаламгер өсу, жетілу барысында үлкен мектеп, әдеби өткелдерден өтеді. Алдыңғы ағалары мен қатар құрбы-құрдастарының сөз саптау, қалам тербеуі, тақырып тандауы мен оны жеткізу әдісі, әдеби процестердің дамуы қаламгер назарының жіті бақылауында болуға тиіс. Өйтпеген жағдайда оның шығармашылдық тұрғыда өсуінің шектелері сөзсіз. Демек, қаламгер міндеті — іздену. Ол осы аласұра іздену үстінде өз сұрлеуін тауып, оны даңғыл жолға айналдырады. Кейінгі буынға үлгі боларлық даңғыл жол ғана қалам иесін әдебиеттің биік шыңына көтереді.

Міне, осындай өз сұрлеуін тауып, оны даңғыл жолға айналдырған, шығармашылықтан өз бақытын тапқан ақындардың бірі — Қ. Аманжолов екені даусыз.

Әдебиетке, ақындыққа дендеп бас қойған ақын алғашқы жылдардан-ақ жан-жағын жіті барлап, қалт еткенді назарынан жібермей ізденумен болды. Қоғамдағы саяси-әлеуметтік жағдай—әдебиеттің дамуы, зейін қоя іздену албырт сезімді, жас ақынды “шу” дегеннен-ақ ұлтжандылық идеясын көтере жырлаған Мағжан, Бернияз сынды романтик ақындардың ізіне салды. Зер салған адамға романтикалық бейнелеу әдісінің Қасым табиғатына, мінез-құлқына жат емес екені айқын аңғарылады. Мәдилерді тал бесікке тербеген Қарқаралы топырағы жетімдігіне қарамастан болашақ үлкен ақынға ірі мінез сыйлап, романтик қып өсірсе керек.

Романтизм — көркемдік әдіс. Мұны әдебиеттану ғылымы осылай түсіндіреді. Романтизмнің өзге әдістерден ерекшелігі ол адам табиғатындағы асау мінез бен сезімнің, зор екпіннің иірімінде өріледі. Онда қарапайым түсінік, құрғақ тамсаныс, құр қиял дегендер атымен болмайды. Жалпы, әдіс мәселесін сөз еткенде қай әдістің де бастау бұлағы, қайнар көзі болатыны ойға оралады. Осы орайда айта кетер жай Е. Тілешов өзінің кандидаттық диссертациясында: “Әдеби дамудың классикалық үлгісінен өткен ағылшын, француз, неміс, орыс әдебиеттеріне зер салайық. Мерзімі

жөнінен кейбір ауытқулар болғанымен классицизмнен соң бұл елдердің әдебиетіне ағартушылық дәуірдің көркемдік тәсілі ағартушылық реализм, оның артын ала сентиментализм, одан соң романтизм келеді екен” [1,47].

Профессор Т. Кәкішев 20-жылдардағы көркемдік әдіс мәселесін талдай кеп, Жәкен Сәрсенбіұлының “Ақ жолда” жарияланған мақаласынан мынандай үзіндіні келтіреді: “Романтизм мен сентиментализмді әдебиетке қолданбай отыруға әзірше мүмкін емес. Сентиментализм онша ұзаққа созылуы екіталай. Бірақ қазақтың қазіргі тұрмысында романтизм көпке шейін әдебиетке кіреді [3,240]. Демек, сол уақыттары қоғамдық дамудың өзі әдебиетке романтизм әдісін алып келгенге ұқсайды. Алайда кеңестік дәуір идеологиясы ақын-жазушылар шығармаларының социалистік реализм әдісіне жазылуын жіті бақылап отырғанын біз жақсы білеміз. Сол себепті өз уақытында қасымтанушылар оны реалист ақын ретінде танып, елге де сол тұрғыда таныстыра бастады. Оның романтикасына тек тоқталып өткені болмаса, терең тебіреніп айта алмады. Оған саяси идеология еш мүмкіндік бермеді. Десек те айта кетпеуге болмайтын мәселе, нағыз жүйрік ақындардың, өз деңгейіндегі ірі қаламгердің әдеби дамудан айналып өте алмайтындығы. Оған жоғарыда айтқанымыздай қазақ әдебиетінде ағартушылық реализмнен соң (Абай, Ыбырай, Ахмет Байтұрсын, Мағжан Жұмабаев, С. Торайғыров) сентиментализм (Ж. Аймауытов, М. Дулатов, С. Көбеев), оның артынан іле-шала романтизм (М. Жұмабаев, Б. Күлеев, С. Торайғыров, С. Сейфуллин) келгенін айғақтайтын мысалдар мен дәлелдер жеткілікті десек, ХХ ғасырдың 30-жылдардағы поэзия ауылына ат басын тіреген Абдолла Жұмағалиев, Қ. Аманжолов, Ж. Саин т.б. сынды ақындар шығармашылығындағы романтизм әдісінің қай бұлақтан бастау алғанын аңғару қиынға соқпайды емес пе?!

Жалпы поэзияға тән бір сипат — сыршылдық. Көркем шығармадағы сыршыл романтизм жайында М. Әуезов: “Жазба әдебиетінің Абайдан бергі дәуірін алғанда жолын өзгертетін жаңалық

соңғы жылдарда туып келеді. Ол жаңалық жаңа басталып келе жатқан сезімшілдік сыршылдық романтизм дәуірі!» — деп жазған болатын.

Өмірдің өзі сыр мен сиқырға толы емес пе? Төрткүл дүниені аса жоғары сезімталдықпен қабылдайтын ақын жаны мұндай көркемдік тәсілден қалай аттап өтсін?! Е.Тілешев: «Жүрек күйін, сезім сырын айшықтауда сентиментализм жетістіктері өзінен соңғы романтизмге де дарыды. Міне, сентиментализмнің негізгі қырлары романтизм эстетикасын әзірлеген алғышарттардың бастысы болды. Романтизм, реализм лирикасына тән сыршыл әуез, суреттеу объектісіне жақындық сентиментализмнен басталады», — дейді [1,50]. Әлбетте біз бұл пікірді қуаттаймыз. Алайда Қасым шығармашылығына келетін болсақ, ақын сезім сырларын тебірене жырлағанымен күйректікке, бойкүйездікке салынбайды. Жеке бастың мүддесін қоғам міндеттерінен жоғары қоймайды. Ендеше Қасымда сентиментализм элементтері кездеспейді, бірақ оның поэзиясына Әуезов айтқан сезімшілдік сыршылдық романтизм етене тән.

Қазақ поэзиясы 1930—40-жылдарда өзінің Мағжан, Сәкен, Лияс сынды алып ұлдарынан айрылып, қасіреті мол кезенді басынан өткерген еді. Сол уақыттары поэзия сахнасына алдыңғы ағаларының орнын толтырмаса да, ел-жұртты өзіне қарата, бұрқырай шыққан бірден-бір ақын Қасым болды. Әлбетте, өз қатар-құрбыларынан жарыла, оқ бойы оза шыққан ақын мұрасы зерттеушілер, сыншылар назарын өзіне аудармай қоймады. Атап айтар болсақ, Қасымды қазақ халқына танытуда сыншы Есмағамбет Исмайылов, ақын Әбділдә Тәжібаев, ғалым Серік Қирабаев, әдебиет зерттеуші ақын Тұрсынхан Әбдірахмановалардың зерттеу еңбектері, М.Базарбаев, С.Жиенбаев, Марфуға Байзақовалардың т.б. ғылыми мақалаларының орны ерекше болғаны талассыз. Десек те, мұның бәрі кешегі күндер, өткен өмірдің жемісі. Ал бүгінгі әдебиет пен мәдениет, тарихымызға жаңа көзқарас заманында Қасым Аманжолов жайы сарандау айтылуда. Біз осы олқылықтардың орнын толтырып, әсіресе кеңес дәуірі тұсында айта алмаған Қасым романтизмін жан-жақты талдап көрсетуді мақсат етіп отырмыз.

Жоғарыда айтқандай қасымтануда елеулі еңбек еткен Ә. Тәжібаев, С. Қирабаев, Е. Исмайылов, Т. Әбдірахмановалар ақын шығармашылығын жан-жақты талдап, лирикасына, реализміне, поэтикасына таң-тамаша қалады. Сонымен қатар ақынның асқақ романтикасында айрықша атап

өтеді. Әсіресе “Абдолла” бейнесіне тоқталмағаны, “не деген ғажап романтика”, — деп таң ғалмағаны жоқ.

Атақты сыншы Е. Исмайылов «Қасымда қандайлық көркемдік мотив басым дегенде біреулер нәзік лирикалық сезім, көңілдің мұңлы күй-сырлары мол, — дейді. Енді біреулер Лермонтовтың асқақты романтикасы күшті, — дейді. Үшіншілер Маяковскийдің жалынды пафосы (лебі) елеулі орын алады, — дейді. Біз бұл мотивтер арасына тепе-теңдік мөлшер қойғымыз келмейді. Қасым сияқты үздік ақынның поэзиясында өзіне дейінгі ұлы ақындардың творчестволық әсері мол болуы табиғи заңды нәрсе, бірақ ол еліктеу дәрежесінде қалып қоймай өзіндік Қасымдық күшін, өршіл өктем, турашыл, батыл ақындық бейнесін танытып отырады», — дейді [4,376].

Қасым романтикасы жайындағы ойдың үшқынын үлкен сыншы (Е.Исмайылов) айтып кеткен екен. Ол оны Лермонтовтан алды ма, өлде оған еліктеді ме, жоқ бұл оның өзіндік сара жолы ма?! Бұл енді басқа мәселе. Мүмкін тіпті бұлардың бірі де емес, “қызыл сұңқар” Сәкен Сейфуллинге мойын бұрған шығар. Өйткені Қасым шамалас қалам ұстағандардың барлығы дерлік Сәкенге, Сәбитке қарап ой түзеп, солар қозғаған тақырыптарды толықтырып, жарыса-жамыраса жырлап, болашаққа солардың ізімен таратқан болатын. Олар жайында Ә. Тәжібаев: «Республикамыздың әр түпкірінде әлі бірін-бірі көрмеген жастар атой салды, алыстан үндесіп, алыстан тілдесті, жырламақ болғандары да сол заманның шындықтары — Сәкен, Сәбит, Бейімбет, Лиястар көтеріп жатқан тақырыптар», — деп жазды [5,535].

Иә, ол бір тарихи оқиғалардың қоюлана түскен, революция сұңқары Сәкендердің жаңа қоғамды екпіндете жырлаған кезі еді. Міне, дәл осы сәтте әдебиетімізге келген жас, балғын буын Қасымдардың да сол бұлақтан сусындамаулары мүмкін емес тәрізді. Т. Әбдірахманова «Қасым Аманжоловтың поэтикасы» еңбегінде Қасымның ақындық қалыптасуында ауыз әдебиетінің ықпалын, Абай, Ыбырай мектебін өзіне ұстаз тұтқаны Лияс Жансүгіров екенін баса айтады. «Қасым Аманжолов творчествосынан, оның ақындық стилінен — күллі тыныс демі, интонация, үн, екпін, сөздің көркемдігі, ойнақы оттылығы қабат-қабат образдар бәр-бөрінен Лияс Жансүгіров поэзиясының әсіресе көтеріңкі үн, екпін, поэтикалық пафос, оптимизм тәрізді стильдік әсері сезіліп тұрады», — деп жазды. Одан өрі Қасым

мен Ілияс арасындағы ұқсастықты мысалдар келтіре отырып тамаша салыстыра суреттейді. Осыларға қарап-ақ Қасым поэзиясының ғажайыптығы бастау бұлағының мөлдірлігінде жатыр дегіміз келеді. Сонымен ақын мұрасы жайлы сөз еткенде ауызға алынар алғашқы әңгіме оның өршіл, асқақ романтизмі болуы керек.

Қасым романтизмінің қалыптасуында тек ауыз әдебиетінің рөлін айту, әңгімені шолақ, келте қайырғандық болар еді. Өйткені Қасым сапқа тұрғанда қазақ поэзиясы біраз биіктерге барып қалған болатын. Абай түрлендірген үлгілер, Абайдың ақындық өнерінен үлгі алған Ақылбай Құнанбаевтың «Дағыстан», «Зұлыс» атты романтикалық поэмалары, М.Сералин, Б.Күлеевтердің романтикалық сарындығы лирикалық, эпикалық поэзиясы поэзиямызға біраз жаңалықтар әкелген болатын. Ал мұның бәрі Қасым романтизмінің қалыптасуына үлкен деңгейде әсер еткені айтпаса да белгілі.

Қасымның поэзияға шындап араласуы 1930 жылдардың шамасы. Шыны керек бұл отты жылдар еді. Күнде бір ду, күнде бір оқиға болатын. Ақын-жазушылардың барлығы бел шешіп, белсеніп сол оқиғалардың арасында жүрді. 1927–28 жылдардағы көмпеске, одан кейінгі тірерге тұяқ қалдырмаған колхоздастыру кезеңі, 1937–38 жылғы жаппай халық жауларын ұстау, ату, барлығы азғана уақыттың ішінде болған ірі оқиғалар. Алашордашыларды да есін тандыра қуғын-сүргінге салған осы кез болатын. Баз бір, есімі елге танымал ағаларымыз соларды “жерден алып, жерге салып” жатқан уақытта, жас, қаны қайнап тұрған Қасым жұмған аузын ашпаған. Мәселен С.Мұқанов Мағжанға:

Сен құлан, өз қағынан жүрген жеріп,
Ел аман, жұрт тынышта қайғыға еніп...

десе, Ә.Тәжібаев:

Мағжандай іздемеймін Қорқыт көрін,
Қобызбен сарнамаймын сұрап өлім,
Кезбеймін есуас боп ен даланы
Қуатты орыс, қазақ еңбекші елім.
Көр де аулақ, өз басымнан өлім де аулақ
Көрсетем Мағжандарға көрдің төрін, —

деп, мейірімсіздік, каталдық танытып жатқан кезде беталды сөйлеп, бейпілауыздық көрсетпегені жанымызды жылытады. Демек Қасым оларды іштей жек көрмеген. Жүрегінде оларға деген бір ізгілік, жылылық болған. Қаншама қағаздар ақтара отырып, “Алашордашылар былай еді, олай еді” деген секілді деректер кездестіре алмадық. Бұл Қасымның ар алдындағы актығы,

пәктігінен сыр шерткендей. Керісінше Мағжаннан үйреніп, оны өзіне үлгі тұтқанға ұқсайды. Әсіресе махаббат, сезім-сырларын бейнелеуде тап бір кереметтей болмағанмен қос ақынның сырлары өзара үйлесім тауып жатады. Бұл кездейсоқтық болмаса керек.

Мағжан:

Кел, жұлдызым, жылжып қана жібектей,
Жұлдызды — жүзік, Айды алқа ғып берейін.

Қасым:

Кең жайып құшағымды шақырамын,
Жаныма жылжып қана кел, жұлдызым.

Ал енді Қасымның «Мен сүйем аспандағы алтын күнді» деп басталатын өлеңі Тұрсынхан апайша айтсақ: «Тура Мағжан ауылынан келдім» деп өзі айтып тұр. (Мағжанда «Сен сұлу»).

Бұлардан басқа Мағжан қолданған «балды тіл, отты сүйіс, Шолпаным, Айым, Күнім» деген секілді тіркестер Қасымда да өріп жүр. Әрине біз Қасым Мағжанға еліктеді, анадан үйренді, мынадан үйренді деуден аулақпыз. Ол өз сөзін өзі айтқан, өзіндік өршіл үнін танытып кеткен ақын. Алайда оның Мағжан поэзиясымен жете таныс болғанын, өсу жолында оған да мойын бұрғанын айтқымыз келеді. Қазақ әдебиеттану ғылымында Мағжан романтизмі кең сөз болып жатқаны ақиқат. Ендеше Қасым романтизмінің түлеп жандануына, жоғары өріс алуына ұлтжанды ақынның аз да болса әсері болғанына күмән тудырғымыз келмейді.

Жалпы қазақ әдебиетінің алтын дәуірі саналатын ХХ ғасырдың алғашқы жылдарын қазақ поэзиясындағы романтизм дәуірі десек артық бола қоймас. Өйткені бұған дейін там-тұмдап көрінген романтикалық рух енді түгелдей бір тұстас қаламгерлер тарапынан өз көрінісін тапты. Оның сыры мен себебі де көп-ақ. Ғасыр басындағы ала құйын оқиғалар мен ала шапқын жорықтар, енді оянғандай дүр сілкінген дала, әлемді аузына қаратқан орыс революциялары, қоғамда болып жатқан өзгерістер ақындар әлемін бей-жай қалдыра алмады. М.Сералин, М.Дулатов, М.Жұмабаев, С.Сейфуллин, Б.Күлеев сынды тек әдебиет қана емес, ірі қоғам қайраткерлері өз шығармаларына асқақ романтиканы арқау етті. Заман, қоғам бейнесін сомдауда романтикалық бейнелеу әдісінің рөлі зор екенін ескерсек, оның жоғарыдағы қалам иелерінің шығармаларында ерекше сипатқа ие болуы таңғаларлық дүние болмаса керек.

Қасым Аманжолов романтизмінің қалыптасуында өзіндік үлесі зор ірі ақындардың бірі —

Б.Күлеев. Оның есімі ХХ ғасыр басындағы романтик ақындар қатарында үлкен өріптермен аталады. Бернияз өлімін естігенде қолына аh ұра қалам алған Мағжан: «Ұшқын бетінде жарыққа шыққан жас Бернияз әдебиетке сол табиғи жолымен шықты. Бірақ екпін тым күшті еді. Бернияз өлендері басылған соң-ақ оқушы оған жалт беріп, карап қалған еді. Екпін зор еді», – дейді. Автор айтпаса да өзіміз байқап, ұғынып отырғанымыздай, оқушысын жалт қаратқан зор екпін Бернияздың романтизмі болатын. Ол адамның сезім сыры мен көңіл күйін асқақтата жырлады. Бұл оның әсіресе поэмаларында ерекше сипатқа ие болды. Мұндай суреттеулер Қасымға да етене тән. Тағы бір айта кететін жай, жалпы адам бойындағы романтиктік қасиет – табиғаттан берілгенімен оған айналасындағы адамдардың да әсер ететіні даусыз. Осы орайда Қасым мен Абдолланың бір-біріне белгілі бір деңгейде әсер еткені даусыз секілді. Олардың замандас, тұстас болғаны бар және екеуінің де профессор Қажым Жұмалиевтен тәлім-тәрбие алғаны тарихи шындық. Бір ұядан ұшқандардың бір-біріне ықпал жасамауы тегі мүмкін емес.

Абдолла да Бернияз секілді қыршын кеткен ақынның бірі. Жас, албырт ақынның шарқ ұра іздену үстінде Байронға кездесуі оны романтиктер қатарына қосты. Әрине оған әсер еткен тек Байрон ғана емес, шығармаларын оқи отырсақ оның Мағжанға да еліктейтінін аңғару аса қиынға түспейді.

Келші, сәулем! Күн білезік салайын,
Күн жүзіңе күміс маржан тағайын.

Күлкің күміс, күн сәулеңе жыр төгіп,
Толқыныңмен бірге, сәулем, ағайын.

Ақын жан сарайының сезім-күйі мен махабат сырларын осылайша нәзік те, сыршыл романтикамен жырлады. Ол «сыршыл романтиканың, зор арманның ақыны» (Ә.Сәрсенбаев).

Абдолла да Қасым секілді ақындықты мәңгілік мұрат еткен жан.

Анам жырмен тербеген бесігімді
Жырмен жазам тарихқа есімімді,
Жылдар жылжып өтсе де талай ұрпақ,
Өз жырыммен қағар кеп есігімді.

(Өлмес өмір дастаны. Алматы:
Жазушы, 1985. 121-б.).

Осы бір жолдардың Қасым өлеңімен (Өзім туралы) үндес келуі жай ұқсастық қана болмаса керек.

Міне, Қасым романтизмі оның поэзиясында осылай қалыптасты. Біз мұны ақын поэзиясын қайта-қайта оқып, әбден көзіміз жеткендіктен айтып отырмыз.

ӘДЕБИЕТ

1. *Тілешов Е.* Мағжан Жұмабаев поэзиясындағы романтизм мәселелері (филология ғылымының кандидаты дәрежесін алу үшін жазылған диссертация). Алматы, 1997.
2. *Жұмалиев К.* XVII–XIX ғасырлардағы қазақ әдебиеті. Алматы: Мектеп, 1967.
3. *Кәкішев Т.* Қазақ әдебиеті сынының тарихы. Алматы: Санат, 1994.
4. *Исмайылов Е.* Ақын және революция. Алматы, 1983.
5. *Тәжібаев Ә.* Аманжолов Қасым// Қазақ совет әдебиеті тарихы. III т., 2-кітап. Алматы, 1967.
6. *Әбдірахманова Т.* Қасым Аманжоловтың поэтикасы. Алматы: Ғылым, 1981.